| **ІІІ-апта** | **Орманда нелер мекендейді?** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Аюдың апанында»<br>**Мақсаты:**Құм салынған дорбашаның дұрыс ұшуына бағыт беріп, дорбашаның астынан қос қолмен, көлденең нысанаға лақтыру. Кеңістікті бағдарлау.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)көлбеу бөрене үстімен жүру<br>ә)құм салынған дорбашаның астынан қос қолмен тік нысанаға лақтыру (1-1,5 м арақашықтықтан)<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Орманға барамыз»<br>**Мақсаты:**Еденге қойылған тақтай бойымен төрттағандап, алақанмен табанға сүйеніп еңбектеу. Көлбеу бөрене үстімен жүру. Тепе-теңдік ырғақты сақтау.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)құм салынған дорбашаның астынан қос | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**:«Қоян қонжық»<br>**Мақсаты:**аю мен қоянның балаларымен,олардың сыртқы түрлерімен таныстыру.Суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрату арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. | **1.Құрастыру**<br>**Тақырыбы**:«Қар бүршіктері»<br>**Мақсаты**:балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру,қағазды умаждау арқылы қар бүршіктерін жасауға болатынын түсіндіру,табиғат құбылыстары жайында қарапайым түсініктер беру,сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** « Жабайы аңдар»аю<br>**Мақсаты**:Балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беріп,оның ішінде аюмен жақын таныстыруАюдың не себепті жабайы аңдардыңқатарына жататындығын түсіндіру,оның тіршілігі туралы іңгімелесу.Аңдарға,қоршаған ортаға қаиқорлықпен қарауға баулу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Маймақ маң-маң басады» (бояу)<br>**Мақсаты:**Аюдың ізін қылқаламмен, тырнақтарын қарындашты пайдалана отырып суреттеуге үйрету; жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту; қыс мезгілінде басқада уақытта аңдарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br><br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**«Қоянға арналған жидектер»<br>**Мақсаты:**балаларға ермексаз бөлшектерін алақандарына салып есуді,әртүрлі форманы қалыптастыруға білуді үйрету,мүсіндей білужәне саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын жетілдіру,ойлау қабілетінің логикалық дамуын қалыптастыру,сонымен қатар көмекті қажет ететін әлсіз жануарларға көмектесуге әрқашан дайын болукеректігін қорқақ қоянның кеіпіне кіре отырып көрсету,балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қолмен тік нысанаға лақтыру (1-1,5 м арақашықтықтан)<br>ә)еденге қойылған тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Ақ қоян»<br>**Мақсаты:**Аяқты алға созып, аяқты ұшына, өкшеге қоя жүріп жаттықтыру. Баяу қарқында жүгіру(40 сек ). Еденнен бір шеті 20 см биіктікке көтерілген көлбеу тақтай үстімен жүру. Сапқа тұру, көрнекі бағыт бойынша шеңбер құру<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)көлбеу тақтай үстімен жүру.<br>ә)орында тұрып қос аяқпен секіру | | | эмоциялық көңіл күйін бақылау,балаларды қоршаған ортаға,табиғатқа,жануарларға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br><br>**3.Музыка :**Саз жетекшісінің жоспары бойынша |

**Қаңтар айы 4-апта**

**Өтпелі тақырып: «Біздің кіші достарымыз »**

**Мақсаты:**Құстардың түрлерін,тіршілігін, қоректенуін бақылау,сыртқы ерекшеліктерін сипатауға үйрету.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| **IV-апта** | **Құстар біздің досымыз** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Құстар»<br>**Мақсаты:**Аяқты алға созып, аяқты ұшына, өкшеге коя жүріп жаттықтыру. Баяу қарқында жүгіру (40 сек ). Орында тұрып қосарланып екі аяқпен жеңіл секіру. Допты домалатып соңынан еңбектеу.еденнен шамалы биікке көтерілген көлбеу тақтаймен жүру..<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)орында тұрып қос аяқпен секіру<br>ә)допты алға қарай домалатып соңынан еріп еңбектеу<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Торғайлар»<br>**Мақсаты:**Биіктіктен еденге салынған шеңберге секіру. Аяқты-аяққа тақап, алға жылжи жүру.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а) беті тегістеліп сүргіленген бөрене үстімен жүру<br>ә)биіктіктен еденге салынған шеңберге секіріп түсу.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: «Қазым, қазым қаңқылдақ »<br>**Мақсаты:**Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді үйрету. Аяқты-аяққа тақап, алға жылжи жүру. Музыка өзгеруіне сәйкес өз қимылын бере білу.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)биіктіктен еденге салынған шеңберге секіріп түсу.<br>ә) алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өту | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**«Әтеш пен тоты» (ертегі)<br>**Мақсаты:**Шығарма кейіпкерлерінің жүріс-тұрысына сәйкес эмоциялық ықыластық танытуды дамыту,ұқсас жағдайда кейіпкерлердің әрекетіе және өзінің жүрі-тұрысын салыстыра бағалауға үйрету. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** « Құстар – біздің досымыз»Торғай<br>**Мақсаты:**Балаларға дала құстары туралы түсінік беріп, оның ішінде торғаймен жақын таныстыру.Суреттер бойынша тілдік қорын жетілдіру,есте сақтау қабілетін дамыту.Құстарға қамқорлықпен карауға,көмек бере білуге үйрету..<br><br>**2.Сенсорика**<br>**Тақырыбы:«** Шуақты күн**»**<br>**Мақсаты:**шеңбердің шықпауға,олардан қарапайым композиция жасауға,таныс пішіндерді бейнелеуге үйрету.Ауызекі сөйлесу тілдерін дамыту.Ұсақ қол моторикасын дамыту.Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Торғайларға жем шашамыз» (фломастер)<br>**Мақсаты:**<br>Фломастермен жұмыс жасауды дағдыландыру; қағаз бетіне нүкте түсіруді үйрету. Ойын тәсілдері арқылы ой-қиялын дамыту; құстарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка:**Саз жетекшісінің жоспары бойынша.<br><br>**3.Музыка:**Саз жетекшісінің жоспары бойынша. |

**Ақпан айы 1-апта**

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем »**

**Мақсаты:**Көлік түрлерімен, аттарын, олардың айырмашылығымен ұқсастығын салыстыру арқылы балалардың ой өрісін, білімін кеңейту.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| **І-апта** | **Көліктер** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Жолмен біз келеміз»<br>**Мақсаты:**Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунау. Музыка ырғағына сәйкес жануарлардың жүрісін бейнелеу. Дене түзілісін қадағалау.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)орташа допты бастан асыра жіп арқылы лақтыру<br>ә) қолды еденге тигізбей, доғаның астынан өту<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Машиналар»<br>**Мақсаты:**Орташа допты бастан асыра жіп арқылы лақтыру. Қолды еденге тигізбей, доғаның астынан өту. Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунау. Иық пен аяқ бұлшықеттерін дамыту.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)орташа допты бастан асыра жіп арқылы лақтыру<br>ә) қолды еденге тигізбей, доғаның астынан өту<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Автомобильден сақтан»<br>**Мақсаты:**Төмпешіктер үстінен тізені жоғары көтеріп, еденнен серпілу мен қолды сермеу қимылын үйрету. Дене түзілісі мен басты дұрыс ұстауларын қадағалау.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)адымдап жүріп, тізбекке тұру;<br>ә) бір-бірінен 20см қашықтықта орналасқан төмпешіктер үстінен жүгіру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы.**«Көрсет және қайтала!»<br>**Мақсаты**:Өткен оқу іс-әрекетінде алған білімдерін бекіту.Өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету.Тазалыққа баулу. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Көліктер»Автобус<br>**Мақсаты:**Балаларға көліктер туралы білім беру,автобус көлігімен таныстыру.Көліктерді салыстырып,ортақ белгілері мен айырмашылықтарын тауып,көшеде жол ережесін сақтай білуге,құрметтеуге тәрбиелеу.Көлік жүргізушілерінің еңбегін бағалай білуге,құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы**: «Тар және кең жолдар»<br>**Мақсаты**: балаларды тар және кең ұғымдарымен таныстыру,құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге,олардың түсін,пішінін,көлемін ажырата алуға және педагогтың ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру,ұқыпты жұмыс жасай алуға тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Машина дөңгелектері» (бояу)<br>**Мақсаты:**Балаларға машина дөңгелектерін тығын арқылы сала білуге үйрету; жұмыс барысында балалардың өз алдына әрекет етуін дамыту; ойыншықтарды күтіп ұстауын, қамқорлық көрсете ойнауға тәрбиелеу.<br><br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы**:«Жеңіл машина»<br>**Мақсаты:**Көлік түрлерімен таныстыру.Дайын пішіндерден жеңіл машина құрастыруды үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**3.Музыка:**Саз жетекшісінің жоспары бойынша. |

**Ақпан айы 2-апта**

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем »**

**Мақсаты:** Мамандық түрлерімен таныстыру,қандай мамандықтар екенін айту.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| **II -апта** | **Мамандықтың бәрі жақсы** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Біз спортшылар»<br>**Мақсаты:**Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Музыка ырғағына сәйкес озіндік қимыл орнда, дене түзілісі және басты дұрыс ұстауын қадағалау.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)төмпешіктер үстінен тізені жоғары көтеріп, еденнен серпілу мен қолды сермеу қимылын үйрету<br>ә) Оң және сол қолмен алысқа лақтыру<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Ұшқыштар»<br>**Мақсаты:**Шектелген алаң үстімен денені түзу ұстап, тепе теңдік сақтап жүру. Қос аяқпен жеңіл секіру, белгі бойынша тоқтауды үйрету..<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)гимнастикалық орындық үстімен жүру<br>ә) Алға қарай жылжи отырып қос аякпен жеңіл секіру. (арақашықтығы 2 метр)<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Машинаны жүргіземіз»<br>**Мақсаты:**Орындықтың арасынан еңбектеп өту. Алға қарай жылжи отырып қос аякпен жеңіл секіру. Белгі бойынша тоқтау.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)гимнастикалық орындық үстімен жүру<br>ә) Орындықтың арасынан еңбектеп өту. | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>Дәрігер Айболит(ертегі) К.Чуковский<br>**Мақсаты:** Көркрем сөзге деген көңіл күй деңгейлерін дамыту,кейіпкер бейнесін сомдауда,түсінкті сөйлеуде,мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеу көркемдігі мен рөльді орындау қабілеттіліктперін қалыптастыру,әдептілікке тәрбиелеу. | **1.Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**«Жоғары-төмен»<br>**Мақсаты:**кеңістіктік қатынастармен танысу, «жоғары-төмен»сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету және педагог соңынан қайталап айту.Ұсақ қол моторикасын жетілдіру.Сөйлеу тілдерін жетілдіру,естіп қабылдауды дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Мамандық. Дәрігер»<br>**Мақсаты:** Балаларға дәрігер мамандығының не үшін қажет екендігін түсіндіру.Ойын барысында қарапайым сөйлем құрап,оны түсініп,қайталай білуге үйрету.Дәрігердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Әжемнің өрнектері» (бояу)<br>**Мақсаты:**Түрлі-түсті бояуларды пайдаланып текеметті безендіруге үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту;сурет салуға деген ынта-ықыластарын арттыру; ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка**(Саз жетекшісінің жоспары бойынша).<br><br>**3.Музыка**(Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Ақпан айы 3-апта**

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем »**

**Мақсаты:** Балаларды қауіпсіздік ережелерін айтып түсіндіру. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| **ІІІ - апта** | **Электроника әлемі.** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** (негізгі қимылдар)<br>**Мақсаты:**Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Ойын-жаттығу: «Көреміз, қайталаймыз» (Экраннан көрсету және оны қайталау).<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Тентек доп»<br>**Мақсаты:**Допты екі қолмен желке тұсынан лақтыруға үйрету,доптың ұшіына дұрыс траектория беру. Бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту.<br>Негізгі қозғалыстар: а)бір орында тұрып ұзындыққа секіру (арақашықтығы 30см )<br>ә)допты екі қолмен желкеден лақтыр<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** (негізгі қимылдар)<br>**Мақсаты:**Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Ойын-жаттығу: «Көреміз, қайталаймыз» (Экраннан көрсету және оны қайталау). | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: **«Телефон»** (өлең) *Корней Чуковский*<br>Мақсаты: Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеуін дамыту. Электроника туралы түсініктерін кеңейту. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Көңілді қыс»<br>**Мақсаты:** Жылы киініп,шанамен сырғанап,аққала жасайтын ккңілді қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру.<br><br>**2.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:** Бауырсақ.<br>**Мақсаты:** Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру,қағазды умаждау арқылы белгілі бір затты жасауға болатынын түсіндіру,қағазбен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Ақ ұлпа қарлар (Қылқаламмен ұлпа қар суретін салу)<br>**Мақсаты:** бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып,жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету.Сурет салу іскерліктерін дамыту.Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Аққала»<br>**Мақсаты:**ақ түсті ермексаздың кесегін екі алақанмен домалақтау дағдысын осы оқу іс-әрекетінде пысықтау,дамыту,екі бөліктен тұратын аққала сомдауды,аққаланың бейнесі айқындалу үшін қосымша заттарды пайдалануды үйрету,ойын арқылы мүсіндеу дағдыларын ұштау,баланың тілін дамыту,саусақтың ұсақ бұлшықеттері қимылын жетілдіру,құыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>**3.Музыка:**(Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Ақпан айы 4-апта**

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем »**

**Мақсаты:** Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерінің шоғырлануын дамыту. Шығармашылық ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| **IV-апта** | **Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Бала, бала, баламыз»<br>**Мақсаты:**Қос аяқпен секіруді (аяқ бірге-аяқ алшақ) үйрету. Сап тізбекке Бір бірден тұру ; секіру (аяқ бірге аяқ алшақ) қимылдарын үйрету<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>**а)** тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру(жүреден отыру)<br>**ә)**Қос аяқпен секіру (аяқтары бірге – аяқтары алшақ).<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Біз шапшаң әрі батылмыз»<br>**Мақсаты:**Тура бағытта төрттағандап еңбектеуге үйрету. Бір-бірден сап тізбекке тұру; музыкаға сәйкес қимыл жасауға жаттықтыру<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>**а)** Қос аяқтап секіру(аяқтары бірге – аяқтары алшақ).<br>**ә)**Тура бағытта төрттағандап еңбектеу(6м арақашықтығы)<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Міне, біз қандаймыз»<br>**Мақсаты:**Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Берілген белгіге көңіл аударуға; қос аяқтап алға секіруге жаттықтыру. Көзмөлшерін дамыту және табан бұлшықеттерін нығайту.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>**а)** Қос аяқтап алға жылжи секіру<br>**ә)**допты қақпа арқылы домалату1м арақашықтықтан | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Алғашқы көмек (әңгіме) Ж.Бұғыбаев.<br>**Мақсаты:** Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрысын талдауға,оларға баға беруге,өзінің көзқарасын білдіруге үйрету. | **1.Сенсорика**<br>**Тақырыбы**:«Көңілді балықшылар»<br>**Мақсаты:**балаларды әртүрлі тәсілдермен судан затты алу дағдысына жаттықтыру,сумен ойын ойнату арқылы жағымды сезімді жеткізу,балаларды судың қасиетімен таныстыру(тұнық,жылы,сұйық және т.б),сумен ойналатын ойындар үшін керек жабдықтарды даярлауға,оны жинауға балаларды үйрету.Ұсақ қол моторикасын жетілдіру.Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br><br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Мөлдір су»<br>**Мақсаты:** Балаларға судың адам үшін де,жалпы тіршілік үшін де қажет екендігін түсіндіру.Суды үнемдеп пайдалану,суды ластауға болмайтындығы жөнінде түсініктерін қалыптастыру.Табиғат байлығына қамқор бола білу дағдыларын жетілдіру. | **1.Сурет салу**<br>**Тқырыбы**:«Әуе шарлары» (түрлі-түсті қарындаштар**)**<br>**Мақсаты:**Балаларға үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту;саусақ икемділігтерін, бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру;ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка:**(Саз жетекшісінің жоспары бойынша).<br><br>**3.Музыка:**(Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Наурыз айы 1-апта**

**Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор »**

**Мақсаты:**Балаларды аналарды сыйлауға,құрметтей білуге,кішіпейілділікке,өз ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| І-апта | Анамды мен сүйемін | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Аяулы анашым»<br>**Мақсаты:**Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге; көтеріңкі тіреуде статикалық тепе-теңдікті сақтауды, заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін үйрету берілген белгіге көніл аудару<br>Негізгі қозғалыстар:<br>а)тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру<br>ә)қойылған заттардың арасымен «ирелендеп» еңбектеу 1,5 м қашықтық<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Анамызға көмектесеміз»<br>**Мақсаты:**Шектелген сызықтармен ені 25см, ұзындығы2,5м түзу жолмен жүру. Допты төменнен қос қолдап лақтыру .Бір орында қос аяқтап секіру. Биіктігі 15см текшеден аттап өту кедергілерден өтуге көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға талпындыру үйрету.<br>Негізгі қозғалыстар:<br>1.Биіктігі 15см текшеден аттап өту<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Міне, біз қандаймыз»<br>**Мақсаты:**Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру; бытырап соқтығыспай, заттарды айнала жүру, Басты дұрыс ұстап табанға толық басып жүру. Екі аяқпен бір мезгілде серпіле қос аяқтап алға жылжи секіру жерге жеңіл, аяқтың ұшымен қонуға үйрету<br>Негізгі қозғалыстар:<br>а)тоқтап және тапсырманы орындай жүру, текшенің үстінде тепе-теңдік сақтап тұру;<br>ә)қос аяқтап алға жылжи секіру(тиінге дейн арақашықтығы 3 м) | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Аналар мерекесі<br>**Мақсаты:**Әр адам үшін басты тұлға-ана туралы түсініктерін тиянақтау. Ана туралы жаттаған тақпақтарын мәнерлеп айтуға үйрету. Анасы туралы пікірін тиянақты еркін жеткізе білуге талпындыру. | **1.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Көпір»<br>**Мақсаты:**балаларды құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жұмыс жасауға үйрету,олардың түсін,пішінін,көлемін ажырата алуға дағдыландыру,педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып көпір құрастыра білуге үйрету.<br><br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Көктемгі табиғат»<br>**Мақсаты:**Көктемгі табиғатты бақылатып,оның ерекшеліктерін түсіндіру.Сурет бойынша сөйлем құрап,байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.Табиғатты аялауға баулу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті моншақтар» (бояу)<br>**Мақсаты:**Саусақ немесе бастырма арқылы моншақтың суретін салуға үйрету; бояумен ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру; әсемдікті, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.<br><br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Анама арналған орамал»<br>**Мақсаты:**Балаларға аналар мерекесі туралы мағлұмат беру.Қағазға «қошқармүйіз» «көз» оюларн орналастыруды үйрету.<br><br>**3.Музыка(** Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Наурыз айы 2-апта**

**Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор »**

**Мақсаты:** Ертегі тыңдаудаға және ертегі кейіпкерлеріне қызығушылықтарын арттыру, балалардың ертегі желісі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| **II -апта** | **Ертегілер елінде. Театр әлемі** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Біздің қолымыздан келеді»<br>**Мақсаты:**Жаттығулар жасап жүруді қайталау. Жерге қолдарын тигізбей доғаның астынан өту, шектеулі ауданда жүрген кезде тепе теңдікті сақтау жаттығуларын жасату..<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Доғаның астынан жерге қолдарын тигізбей еңбектеп өту.<br>2.Тепе теңдікті сақтау- қолдарын еркін сермеп тақтайдың үстінен өту<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Ойнағанды жақсы өреміз»<br>**Мақсаты:**Жерге қойылған заттарды айналып жүру мен жүгіруді жаттықтыруды жалғастыру. Ауыспалы жүріспен жүргенде тепе теңдікті сақтауды жетілдіру. Алға қарай секіруді қайталау..<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.оң аяқпен сол аяқты кезектестіріп басып жіптен аттау (қолдары белде).<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Бала, бала, баламыз»<br>**Мақсаты:**Балаларды допты лақтырып және қағып алуға үйрету. Жүгіруде жаттықтыру.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Бір бірінің артынан жүгіру.. | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**«Бауырсақ» ертегісі.<br>**Мақсаты:**Балаларға таныс ертегіні тыңдатып, рольдерге бөліп ойнату ондағы таныс кейіпкелердің дауыс ырғағын келтіріп айтуға уйрету. | **1.Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**«Қиылған суреттер»<br>**Мақсаты:**Балалардың сенсорлық қабілеттерін: бөлшектерден бүтінді шығару дағдысын дамыту; қол қимылының икемділігі мен көз арқылы бейнені жүргізу дағдысын дамыту; суретте бейнеленген затты тануға және оны атауға үйрету; сәйкес суреттерді табу; ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**Ертегілер еліне саяхат<br>**Мақсаты:**<br>Театр туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес рөлдерге бөліп ойнады үйрет. Кейіпкелердің дауыс ырғағын келтіріп айтуға үйрету.<br><br>. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы**:Бауырсақ қалай домалайды.<br>**Мақсаты:** оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру,қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту,саусақтарының бұлшық еттерін дамыту.Ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br><br>**2.Музык:** (Саз жетекшісінің жоспары бойынша).<br><br>**3.Музык:** (Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Наурыз айы 3-апта.**

**Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор »**

**Мақсаты:**Сөйлеу арқылы балалардың қарым-қатынас қажеттілігін дамыту.Үлкендерге деген қарым-қатынас мәдениет ізгілігін үйрете отырып, адамгершілік тәрбие беру.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| **III -апта** | **Әжеге қонаққа барамыз** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Әженің ауылы»<br>**Мақсаты:**Жүру және жүгіру барысында тапсырмаларды орындауды жаттықтыру. Биіктіктен секіргенде аяқтарын бүгіп жұмсақ түсулерін үйрету. Доппен жаттығулар жасаған кезде дәл көзділік пен ептілік қабілеттерін жетілдіру<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.отырғыштан аяқтарын бүгіп секіру.<br>2.«Епті және тез» допты домалату<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Жайлауда»<br>**Мақсаты:**Түрлі бағытта жүруге ,қол тиер тиместей секіруге, допты түрегеліп тұрып домалатуға жаттықтыру доптарды бір – біріне домалату.Балалардың өздігінен қимыл –қозғалыс барысында белсенділіктерін шыңдау.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Түрлі бағытта жүруге;<br>2.Допты түрегеліп тұрып домалату.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Қызық доп»<br>**Мақсаты:**Берілген бағыт бойынша тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру отырып допты қос қолмен дәлдеп лақтыру. Жіптен ұстап жасап жүру «Допты қуып жет» ойыны.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Допты қос қолмен дәлдеп лақтыру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Құыршақты шомылдырып,ұйықтатамыз»<br>**Мақсаты:**Балаларға дұрыс жуыну ережелерін үйрету,киімдерді ретімен шешуді,киімдердің атын атай білуге үйрету.Қимыл-әрекетті білдіретің сөздерді меңгерту.Еңбекқорлыққа,тазалыққа баулу. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Ас атасы нан»<br>**Мақсаты:**Балаларға нанды басқа тағамдарға қарағанда көбірек қолданатынымыз жөнінде түсінік беру.Нанның қасиетімен таныстырып,нанның қиқымын жерге тастамай,оны қастерлей білуге баулу.Нанның дастарханға қалай келетінін әңгімелеп,ойлануға мүмкіндік беру.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Үй және қақпа »<br>**Мақсаты:** Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету,олардың түсін,пішінін,көлемін ажырата алуға дағдыландыру,педагогтың ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып үй және қақпаны құрастыра білуге үйрету. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**Орамалды безендіру<br>**Мақсаты:**Балаларды қағаз бетінде бастырма арқылы жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету; саусақ қол қимыл-қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту; әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.<br><br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «әжеме тоқаш пісіремін»<br>**Мақсаты:**балаларды мүсіндеудің жаңа материалы-ашыған қамырмен таныстыру,екі қолмен домалақ шар жасауды үйрету,мүсіндеудің,екі алақанмен жұмыс істеуден басқа,жаңа әдіс-тәсілдерін-жұдырықтармен жұмыс істеу,саусақтардың ұшымен басып тереңдету әдістерін меңгерту.Сондай-ақ мүсіндеудің домалақтау,илеу тәрізді тәсілдерін үйрету.Анаға деген қомқорлық сезімін тәрбиелеу.<br><br>**3.Музыка:** (Саз жетекшісінің жоспары бойынша) |

**Наурыз айы 4-апта**

**Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор »**

**Мақсаты:** Қазақтың дастарханы,қонақ күту рәсімі туралы түсініктерін жетілдіру.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| IV -апта | Мерекелік дастархан | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Наурыз думан»**<br>**Мақсаты:**<br>Қол ұстасып шеңбер бойымен жүруду жетілдіру, Жүруден жүгіруге алмасу жылжымалы қадаммен алға қарай жүру. Алға жылжи отырып секіру.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Бүршік жинау»<br>**Мақсаты:**Тепе –теңдікті сақтау. Түрлі бағытта жүру. Аспаннан нөсер жауды» ойыны.Бір – біріне кедергі барысында тепе-теңдік қалпын сақтауының ,еңбектеу кезінде бұлшықет күшінің дамуына мүмкіндік беру.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Биіктігі 35 см доғаның астынан еңбектеп өту түрлі бағытта жүгіру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Көңілді ленталар»<br>**Мақсаты:**Заттарды айнала отырып жүруге , тоқтамай үздіксіз жүгіруге жаттықтыру оң және сол қолдарымен ленталарды ирең делетіп желбірету.Көрсетуге сәйкес қимылдарды орындауға жағымды әсерлерін дамытуға мүмкіндік беру<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Қолдарымен ленталарды көтеру. | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Наурыз мейрамы»<br>**Мақсаты:**Шығарманың мазмұнын ұсынуға көмектесу,мейрам,наурыз және тағы да басқа жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Наурыз келді»<br>**Мақсаты:**Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден ерекшелігін түсіндіру.Мерекелік тілектер,дәстүрлер туралы түсінік беру.Балаларды халқымыздың салт-дәстүрін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br><br>**2.Сенсорика**<br>**Тақырыбы:** «Суретті құрастыр»<br>**Мақсаты:**Перцептивтік модельдеу әреетін үйрету (бірнеше бөліктен тұратын зат пішінін көрнекі талдау және жинақтау) геометриялық пішіндерді атау; оларды салыстырып, түстерін атай білу дағдысын дамыту; ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Үлкенді силауға тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы**:«Әжемнің өрнектері.»<br>**Мақсаты:**Түрлі түсті бояуларды пайдаланып текеметті безендіруге үйрету,негізгі түстер туралы білімдерін бекіту.Сурет салуға деген ынта-ықыластарын арттыру.Ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка:(**Саз жетекшісінің жоспары бойынша).<br><br>**3.Музыка:(**Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Сәуір айы 1-апта**
**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:** Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу.Өсімдіктерге қамқорлық жасауға,сылулығын байқауға үйрету.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| І-апта | Нұр төккен, гүл көктем | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Гүл көктем!»<br>**Мақсаты:**Жиектері шектелген тура жолақ пен ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5м , гимнастикалық орындықтың үстімен жүру. Допты тәрбиешіге екі қолмен лақтыру.<br>**Негізгі қозғалыстар**: 1.гимнастикалық орындықтың үстімен жүру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Табиғатқа саяхат»<br>**Мақсаты:**Тепе теңдікті сақтау шеңберден шеңберге аттау, төрттағандап тақтаның үстімен 20 см арақашықтықта текшелерден аттау. Бір орында тұрып ,екі аяқтап секіру.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)бір орында тұрып қос аяқпен секіреді<br>ә)еденге қойылған тақтайдан төрттағандап алақан мен тізеге сүйеніп еңбектеу<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Көңілді ленталар»<br>**Мақсаты:**Шеңбер бойынша жұптасып жүру, бірқалыпты жүгіру әр түрлі қарқынмен заттардың арасымен аяқтың ұшымен жүру.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.2 арқаннан тұратын жолақ арқылы секіртпеден секіру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>«Әтеш пен тоты»ертегі<br>**Мақсаты:**Шығарма кейіпкерлерінің жүріс-тұрысына сәйкес эмоциялық ықыластық танытуды дамыту,ұқсас жағдайда кейіпкерлердің әрекетін және өзінің жүріс-тұрысын салыстыра бағалауға үйрету. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** « Табиғат құбылыстары»<br>**Мақсаты:**Балаларға табиғат құбылыстары туралы түсіндіру.Жұмбақтар шешу арқылы ой-өрістерін дамыту.Табиғатты қорғап,аялай білуге тәрбиелеу.<br><br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Жасыл шөп»<br>**Мақсаты:**Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету,саусақ қимыл қозғалыстарын дамвыту,жолақ қағаздарды түзу қиюға дағдыландыру,шөпті жұлуға болмайтынын түсіндіру. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Жылғалардан су ақты»<br>**Мақсаты:**Көктем мезгілінің ерекшеліктерінмен таныстыру; қылқаламмен ирек сызықтар сызуды жалғастырып, бояу тәсілін үйретуді жалғастыру; жыл мезгілдеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br><br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы:«**Қараторғайдың ұясы»<br>**Мақсаты:**Балаларды құс түрлерімен таныстыру.Геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету.Геометриялық пішіндерден(үшбұрыш,дөңгелек,төртбұрыш) «Қараторғайдың ұясы»құрастыруды үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Құстарды аялау және құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**3.Музыка:**( Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Сәуір айы 2-апта**

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі »**

**Мақсаты:** Көктем мезгілінде табиғатта болатын өзгерістерімен балаларды таныстыру.Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| II-апта | Ағаштар | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Қарағайлы орман»<br>**Мақсаты:**Тік түру , бір қалыпты жүру. Жан –жаққа және берілген бағытқа шеңбер бойынша аяқтың ұшымен 20м дейін.жүру. Тепе теңдікті сақтауға үйрету.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтағы төменен допты еденге ұру.<br>2. Бір қалыпты жүру.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: «Тербеледі ағаштар»<br>**Мақсаты:**Балалардың қимыл қозғалыс координаңиясын дамыта отырып айнымалы жүріспен жүргізу. Жерге қолын тигізбей допты жіптен асырып лақтыруды үйрету<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Допты екі қолмен жіптен асыра лақтыру.<br>2.Дене мүшелерін жинақтап жерге қолын тигізбей жіптің астымен өту.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Орманда қыдырамыз»<br>**Мақсаты:**Бір біріне соқтығыспай жүруге және жүгіруге үйрету. Тәрбиешінің айтқанын тыңдауға үйрету<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Жай жүріс. | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Қайырымдылық»<br>әңгіме<br>**Мақсаты:**Адам жүріс-тұрысының ерекшеліктерін бағалауға үйренуді жалғастыру,өзге адамға мейірімділікті,қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту. | **1.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** «Ағаш және оның бөліктері»<br>**Мақсаты:**Балалардың назарын ағаштың негізгі бөліктеріне аудар отырып, өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту.<br><br>**2.Сенсорика**<br>**Тақырыбы:Ұзын-қысқа**<br>**Мақсаты: «**Ұзын», «қысқа» ұғымдарымен таныстыру;беттестіру(бетіне қою)әдісі арқылы ұзындықты салыстыруға үйрету;сондай-ақ заттармен тәжірибелік әрекет барысында ұзындық туралы білімдерін қолдана білуге үйрету;қашықтан заттарды ұзындықтары бойынша салыстыруды,көз мөлшерін дамыту;ұсақ қол моторикасын жетілдіру.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Егістіктегі бақбақтар»<br>**Мақсаты:**Балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ<br><br>**2.Музыка:** (Саз жетекшісінің жоспары бойынша).<br><br>**3.Музыка:** (Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Сәуір айы 3-апта**
**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі »**

**Мақсаты:** Су әлемі және су асты әлемін мекендеушілер туралы мағлұматтар беру оларға қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| III-апта | Су әлемі . Аквариум | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Балықтармыз»<br>**Мақсаты:**Балаларды жүру барысында әр түрлі жаттығуларды орындауға үйрету. Тәрбиешінің белгі бергеніне назар аудару дағдыларын дамыту. Қозғалу координацияларын, тепе теңдікті сақтау, еңбектеу дағдыларын ары қарай дамыту.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Тепе теңдік – екі қолдарын екі жаққа көтеріп, тақтайдың үстімен жай жүріп өту.<br>2.Тақтайдың үстінен алақан мен тізеге күш түсіру арқылы жорғалап түсу<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Суда жүземіз»<br>**Мақсаты:**Балалардың кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамытып, шашыраңқы күйде жүруге және жүгіруге үйрету. Секіру және тепе теңдікті сақтау дағдыларын дамыту<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Орынынан ұзындыққа(20-50см)секіру,10-15см биіктен секіру.<br>2.Таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Секіреміз, секіреміз»<br>**Мақсаты:**Жүру және жүгіру барысында жаттығулар жасау, отырғыштан секірген кезде аяқты бүгіп түсу,допты домалату дағдыларын ары қарай дамыту. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Тазалық-таза баланың досы»<br>**Тақырыбы:** Тазалық бұйымдарымен танысыру.Сүлгі,сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тратын сөйлем құрастыра білуге үйрету.Балаларды жүруге үйрету. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Авариумдағы балыққа бақылау жасау»<br>Мақсаты:балалардың балықтардың құрылысы мен мінез құлықтарын, қоректенуін атай отырып, бақылау жасауға үйрету.<br><br>**2.Құрастыру**<br>Тақырыбы: «Саябаққа жол»<br>**Мақсаты:**Құрастыру материалдарының: кірпіштерді дұрыс атауға, жалпақ жіңішке жақтарын айыра білуге үйрету. Кірпіштерді үсті-үстіне қоя білуге үйрету, сары түсті атау. Сөздік жұмысын дамыту, ұқыптылыққа үйрету. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы**:«Балықтар жүзеді» (бояу)<br>**Мақсаты:**Балаларды бояу және қылқаламмен жұмыс жасау дағдыларына жаттықтыру; сурет салуға деген қызығушылығын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту.<br><br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Үй құстарына жем шашайық»<br>**Мақсаты:**Ермексазды шымшып үзіп алу әдісін бекіту және домалақ,жұмыр мүсін туралы мағлұмат беру.Сазбалшықты алақан арасына салып домалақтау тәсілдерін үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшықеттерін қимылын жетілдіру.Үй құстарына қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**3.Музыка:** (Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Сәуір айы 4-апта**
**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі »**

**Мақсаты:** Жәндіктер тіршілігімен таныстыру,дене бөліктерін атау, ажырату олардың мінез құлқына сыртқы түріне назар аударту.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| IV-апта | Жәндіктер | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Құмырсқалар»<br>**Мақсаты:**<br>Қосымша тапсырмалар орындап жүгіру. Музыка ырғағына сәйкес таныс би орындау. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және төмен түсу<br>ә)1,5 метр арақашықтықта мұғалімнің лақтырған добын қағып алып, қайта лақтырту<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Құрбақалар»<br>**Мақсаты:**Музыка ырғағымен өзіндік қимыл бере білуге талпындыру. Қимыл кезінде қол мен аяқты үйлестіре білу.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)алаңның бір шетінен екінші шетіне қарай жүру және жүгіру арақашықтығы 10 метр<br>ә)еденде жатқан шығыршықтан- шығыршыққа секіру<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Көбелек»<br>**Мақсаты:**Орындықтың арасынан еңбектеп өту. Алға қарай жылжи отырып қос аяқпен жеңіл секіру. Белгі бойынша тоқтау.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)гимнастикалық орындық үстімен жүру<br>ә) Орындықтың арасынан еңбектеп өту. | **1.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** «Құмырсқа мен көгершін»<br>**Мақсаты:**Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрысын талдауға,құмырсқаның еңбекқорлығын,көгершінні ң бейбітшілік құсы екенін айтып түсіндіру,сөздік жұмыстар жүргізу. | **1.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:**«Көбелек»<br>**Мақсаты:** Балаларға жәндіктердің ішінен көбелек туралы мағлұмат беру.Оның қанатының әдемілігі түр-түсін ажырату.<br><br>**2.Сенсорика.**<br>**Тақырыбы:** «Ұшатын көбелектер»<br>**Мақсаты:** заттардың түстері жайлы білімдерін,заттарды түстері бойынша іріктеу ептілігін бекіту,спектрдің барлық түстеріне (қызыл,кызғылт сары, сары,көгілдір)қарай педагогтің белгісінен кейін қимылдауға үйрету.Саусақтың ұсақ бұлшық ттерінің қозғалысын жетілдіру.Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы**:«Шөптегі қанқыз»<br>(фломастер)<br>**Мақсаты:** Балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды үйретуді жалғастыру; шөпті бейнелегенде оның толық бетті қамтуын қадағалау; сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу<br><br>**2. Музыка :**( Саз жетекшісінің жоспары бойынша).<br><br>**3. Музыка :**( Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Мамыр айы 1-апта**

**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін »**

**Мақсаты:** Дос» және «достық» деген ұғымды терең жеткізе отырып , достық сезімін қалыптастыру мақсатында бір- бірін сыйлауға, қадірлей білуге тәрбиелеу.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| I-апта | Достық біздің тірегіміз. ( Халықтар достығы.) | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Тату балалар»<br>**Мақсаты:**Допты еденге ұру және оны екі қолмен қағып ал. Допты кеудеге қыспай еркін ұстау. Аяқты тырпылдатпай жеңіл жүгіруге жаттықтыру<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а) еденде салынған жіп бойынша жүру<br>ә)допты еденге ұру және оны қағып алу<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Біз көңілді баламыз»<br>**Мақсаты:**Көлбеу саты үстімен өрмелеуді үйрету. Еденге салынған жіп үстімен тепе теңдік сақтап жүру. Журу, жугіру кезінде аяқты тырпылдатпай жаттыктыру<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а)допты еденге ұру және оны қағып алу<br>ә)көлбеу саты үстімен өрмелеу(биіктігі 30см ені 20см)<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Ойнағанды жақсы көреміз»<br>**Мақсаты:**Қос аяқпен еденнен жігерлі серпіле заттардың үстінен секіру. Қарқынды екпінмен жүгіруге жаттықтыр. Музыка ырғағына сәйкес қол мен аяқты үйлесімді қимыл жасау.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>а) бір орында шыр айналу<br>ә)Қос аяқпен заттардың үстінен секіру (биіктігі 5 см) | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**:«Түлкі мен Тырна»ертегі<br>**Мақсаты**:Балаларды фланенеграф театры арқылы ертегіге қызығушылықтарын бекіту. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Құмды зерттейміз<br>**Мақсаты:**Балаларды құрғақжәне дымқыл құммен таныстыру.Ерекше қасиеттерін атап айтқызу.<br><br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Бақбақ»<br>**Мақсаты:**Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, саусақ қимыл-қозғалыстарын дамыту.Бақбақ гүлін жасай білуге қызығушылықтарын арттыру,гүлдерді жұлмауға,күтіп баптауға, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Адамның бейнесін саламыз» **Мақсаты:** балаларды дөңгелек,үшбұрыш,төртбұрыш пішіндерді саусақпен салуға және өз жұмысының нәтижесінде қызығушылықпен карауға үйрету,іс-әрекет арқылы қимыл-қозғалыстарын дамыту.Құммен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы:**«Түрлі түсті жалаушалар»<br>**Мақсаты:**Балаларды мазмұнды құрылым (композиция) жасауда қағаз бетінің кеңестігін дұрыс бағдарлап орналастыру дағдыларын қалыптастыру.Қиылған кесінділерді түстеріне, пішініне, түстердің үйлесімділігін сақтай отырып орналастыруға үйрету.<br>**3.Музыка:**(Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Мамыр айы 2 апта**

**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін »**

**Мақсаты:** Өсімдіктердің құрылысы туралы біледі,гүлдердін түстерін ажыратады,оларға қамқорлық танытады.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| **ІІ-апта** | **Аялайық гүлдерді. Гүлдер, шөптер.** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Ойнағанды жақсы көреміз»<br>**Мақсаты:**.Тепе-тендіктісақтау.Жиектері шектелген тура (ені 20-25см,ұзындығы 2-2,5м)гимнастикалық үстімен,еңіс тақтайдың үстімен (ені25см,бір басы15-20см көтерілген)жүру.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Ойнағанды жақсы көреміз»<br>**Мақсаты:**Заттарға шығу гимнастикалық орындыққа,(жұмсақ модулге және тағы басқа )тұру.Орындықтан түсіп ,түрлі бағытта жүруге үйрету.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Ойнағанды жақсы көреміз»<br>**Мақсаты:**қолын жоғарға көтеру ,түсу ,заттардан (биіктігі 10-15см),шеңберден шенберге аттау,төрттағандап тақтанын үстімен 20см арақашықта орналасқан бірнеше кедергіден айналу.<br>**Негізгі қозғалыстар**: | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**«Әке мен бала»(әңгіме)Ыбырай Алтынсарин<br>**Мақсаты:**Әңгімені тыңдай білу дағдыларын дамыту,үлкендерді еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Менің атам – майдангер»<br>**Мақсаты:**Балаларға Жеңіс күні туралы түсінік беру .Батыр аталарымыз бен апаларымыздың ерліктерімен таныстыру .Балалардың ұлтжандылыққа,отансүйгіштік ке тәрбиелеу,елін,жерін сүйетін батыл азамат болуға баулу.<br><br>**2.Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**«Бақ-бақ гүлдер»<br>**Мақсаты:**Фланенграфта түрлі түсті геометриялық пішіндерді-шеңбер мен үшбұрышты орналастыруды үйрету фигура әртүрлі заттарды бейнелеу(бақбақ гүлді)үшін қолданылуы мүмкін екеніне аудару;ұсақ қол моторикасын жетілдіру.Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Жұлдызша »<br>**Мақсаты:**Балалар дайын үлгідегі суретті қызыл түсті гуашпен бояуға,қылқаламды пайдалануға дағдыларын бекіту.<br><br>**2.Музыка :**( Саз жетекшісінің жоспары бойынша).<br><br>**3.Музыка :**( Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Мамыр айы 3-апта**

**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін »**

**Мақсаты:** Балалардың дене сымбаттылығын қалыптастыру шынықтыру шараларына деген қызығушылықтарын арттыру.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| **ІІІ-апта** | **Мен жасай аламын.** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Біздің қолымыздан келеді»<br>**Мақсаты:**<br>Жаттығулар жасап жүруді қайталау. Жерге қолдарын тигізбей доғаның астынан өту, шектеулі ауданда жүрген кезде тепе теңдікті сақтау жаттығуларын жасату..<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Доғаның астынан жерге қолдарын тигізбей еңбектеп өту.<br>2.Тепе теңдікті сақтау- қолдарын еркін сермеп тақтайдың үстінен өту<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: «Ойнағанды жақсы өреміз»<br>**Мақсаты:**<br>Жерге қойылған заттарды айналып жүру мен жүгіруді жаттықтыруды жалғастыру. Ауыспалы жүріспен жүргенде тепе теңдікті сақтауды жетілдіру. Алға қарай секіруді қайталау..<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.оң аяқпен сол аяқты кезектестіріп басып жіптен аттау (қолдары белде).<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: «Бала, бала, баламыз»<br>**Мақсаты:**Балаларды допты лақтырып және қағып алуға үйрету. Жүгіруде жаттықтыру.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Бір бірінің артынан жүгіру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Мен тәртіпті баламын.<br>Ө. Тұрманжанов<br>**Мақсаты:** Құрдастарымен өз ара әрекетесттік ережелерін сақтауға үйрету,келіспеушіліктердің тәсілдерін таба білу қабілетін қалыптастыру. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**Шуақты күннің сәулесі»<br>**Мақсаты**:Жер бетіндегі тіршілік үшін күннің сәулесінің қажеттілі тура түсініктерін бекіту.Күннің сәулесіне қуана білуге баулу.<br><br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Пойыз»<br>**Мақсаты:**Балаларды құрылыс материлдарымен жұмыс жасауға үйрету,олардың түсін,пішінін,көлемін ажырата алуға дағдыландыру,педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып пойыз құрастыра білуге текшені,кірпішті бір-бірінен ажырата білуге үйрету. | **1.Сурет салу**<br>Тақырыбы: «Доп салу»<br>**Мақсаты:** балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуда үйрету.Саусақтарының икемділіктерін арттыру.Өз жұмысының нәтижесінде қызығушылықпен карауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Бауырсақ»<br>**Мақсаты**:ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ,жұмыр мүсін жасау туралы мағлұмат беру, «Бауырсақ» ертегісі арқылы мүсіндеуге баулу,қол өнерінің басқа да техникалық түрлерін пайдалану,жолды түсті қарындашпен сызу және бауырсақты тірі кейіпке айналдыру(көздері түймеден),бет бейнесін жасау,бала қиялын дамыту,мүсіндеедің домалақтау,илеу тәрізді тәсілдерін үйрету,ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.<br>**3.Музыка**(Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |

**Мамыр айы 4-апта**
**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін »**

**Мақсаты:** Балаларға жаз мезгілінің маусымдық ерекшеліктері туралы мағлұмат беру. Жазғы қызықтар туралы түсінік бере отырып,сөздік қорларын байыту.Табиғатты аялауға тәрбиелеу.

| Апта | Апталық тақырып | Денсаулық-3 сағат | Қатынас-1 сағат | Таным- 2 сағат | Шығармашылық- 3 сағат |
|---|---|---|---|---|---|
| **IV-апта** | **Көңілді жаз.** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Балабақша»<br>**Мақсаты:**Әр түрлі бағытта жүргенде кеңістікті бағдарлауды үйрету. Шектеулі ауданда жүргенде тепе теңдікті сақтап жүруді үйрету. Балабақшаға деген сүйіспеншіліктерін ояту.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>1.Екі сызықтың ортасымен жүру (арақашықтығы 25 см)<br>« Жолмен жүрейік»<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Менің тобым»<br>**Мақсаты:**Түрлі бағытта жүру, тапсырмалармен жүгіру:домалап бара жатқан заттарды қуып жету, қос қолмен допты алға қарай лақтыру, алға жылжи отырып секіру, балалардың өздігінен қимыл-қозғалыс әрекеттері барысында белсенділіктерін дамыту;<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Топта қыдырамыз»<br>**Мақсаты:**Берілген бағытта тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру. Түрлі бағытта жүгіру.Қос аяқтап секіру. Допты қос қолмен домалату.<br>**Негізгі қозғалыстар**:<br>Бір орында тұрып екі аяқпен секіру ( 2-3 рет) | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Жазда (өлең)<br>Нәсіпбек Айтов<br>**Мақсаты:** Жыл мезгілдері жайлы ойларын кеңейту,жайқалған жаз,жазғы қызықтар туралы түсінік бере отырып,сөздік қорларын байыту.Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Алақай жаз келді»<br>**Мақсаты:** Жаз мезгілімен табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыру.(күннің көзі нұрын шашады,адамдардың киіміне назар аудару)<br><br>**2.Сенсорика**<br>**Тақырыбы:** «Дөңгелек күн»<br>**Мақсаты**: балаларға таныс геометриялық фигуралар(үшбұрыш,дөңгелек, шарш)туралы білімді бекіту.Тапсырыс пен сөздік мағынасы бойынша,заттар түсіне бағыттала заттарды іріктеп таңдауды үйрету,балалардың түс пен пішін жайлы білімдерін бекіту.Қабылдауды есте сақтауды,көрнекі-бейнелік ойлауды дамыту.Балаларды әртүрлі сенсорлық сезінулермпен байыта отырып,қоршаған ортада бағдарлау тәжірибесін кеңейтіп,талпынушылық пен білуге құмарлыққа тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Егістіктегі бақбақтар»(бояу)<br>**Мақсаты**:Балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін, әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрету; бояумен жұмыс жасау ептіліктерін жетілдіру;өздері салған суреттеріне қуана білуіне және эстетикалық талғамы мен шығармашылығын дамыту;табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка:**(Саз жетекшісінің жоспары бойынша).<br><br>**3.Музыка:**(Саз жетекшісінің жоспары бойынша). |